ЖҰЛДЫЗ шұғыласы

№22 (8910)
жұма 3 маусым
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

KÜLTÖBE

Мемлекет басшысы:
«БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАСТАМАСЫ БОЛМАҚ»

Апта ортасында мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының сессиясына қатысты. Президент, ең алдымен, ғалымдарды Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдығымен құттықтап, мұны еліміз үшін мән-маңызы айрықша оқиға деп атап өтті. Сондай-ақ дамудың бірден-бір жолы ғылым екенін айтып, адамзат баласы жетістіктің бәріне білімнің арқасында жеткеніне тоқталды.

– Қарапайым заттардан бастап, күрделі ой-тұжырымдарға дейін, барлығы да – ғылымның жемісі. Шын мәнінде, ілім-білім арқылы бүкіл жаратылысты терең танып білеміз. Таным көкжиегін кеңейтіп, жаңа белестерге шығамыз. Ғылымның ең басты миссиясы – осы. Ұлы далада өркендеген ғылымның тамыры тым тереңде жатыр. «Адамзаттың екінші ұстазы» – Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы – соның айқын көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

TÜĞYR

САЯСИ НАУҚАННЫҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жуырда аудандық ардагерлер кеңесінің мұрындық болуымен келелі жиын өтті. Аудандық әкімдікте өткен жиынның мақсаты елімізде өткелі жатқан жалпыхалықтық референдумның жайын түсіндіру болды. Жиынға Ескелді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бимұрат Боранбаев, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты Бақытгүл Чингаева, Д.Қонаев атындағы аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Айбол Қожатайұлы қатысып, саяси өзгерістерге бастайтын ауқымды науқанның маңызына тоқталды.

- Референдум – мемлекеттің ең маңызды мәселелерін халық болып шешудің басты тетігінің бірі. Сол арқылы әрбір әрекетімізді, атқарар істерімізді, еңсерер меже-міндеттерімізді өзара ақылдаса отырып, кемеліне келтіріп, жүйелі жүргізе аламыз. Байырғы замандардағы хандарымыз іргелі істерде халықпен кеңес құрған, бұқарасының батасын алған. Бертінде қазақ көсемдері Мәңгілік ел құру жолында бас біріктіріп, бір тудың астына жиылып, Ұлытаудағы жақпар тастарға бірліктің бітімінің символындай төл таңбаларын қашап қалдырған. Қасым-Жомарт Кемелұлы жариялаған референдумда әрбір қазақстандықтың таңдауы – біріге, тұтаса келе, біртұтас елдің таңдауына айналады. Алдағы Конституциялық реформа нәтижесінде Ата Заңдағы 98 баптың 33-і өзгереді деп күтілуде. Референдумда ел қолдаса, онда Ата Заңға түзетулер биыл күшіне енбек, - Ескелді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бимұрат Боранбаев.

Жиында сөз алған Айбол Қожатайұлы жалпыхалықтық науқанның Жаңа Қазақстанды құрудағы маңызына, еліміздің демократиялық даңғылға түсудегі басты қадам екеніне тоқталды.

- Алдағы конституциялық референдум тек бір қала немесе облыс тағдырына байланысты емес, ол тұтас мемлекеттің болашағына әсер ететін, бұдан да жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды күн деп ойлаймын. Өйткені қоғам арасында күрмеуі шешілмей жатқан күрделі мәселелер көбейіп кетті. Сол себепті Президент сөзден әрі іске баса назар аударып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қоя отырып, осындай маңызды шешім қабылдап отырғаны анық. Бұл осы елдің азаматы ретінде мені де қатты қуантты. Бүгінгі таңда еліміз үлкен өзгерістер алдында тұр. Сондықтан 5-маусымда әр қазақстандық өзінің жеке азаматтық борышын орындауға тиіс. Себебі еліміздің болашағының дамуы тікелей осы референдумға байланысты болып отыр. Сол себепті ел үшін жаны ашитын әр азамат осы референдумға қатысу керек, - деді Д.Қонаев атындағы аға оқытушысы Айбол Қожатайұлы.

Жиынға қатысушылар, ел үшін маңызды саяси науқанға қатысуға уағдаласты. Қалай дегенмен, әрбір қазақстандық Жаңа Қазақстанды бірге құруға атсалысуы керек.

«ЖШ»-ақпарат

BALALAR JYLY - 2022

КАЗАХСТАНЦЫ ОТМЕЧАЮТ ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ

В первый день лета в Казахстане, как и во многих странах мира, отмечается Международный день защиты детей. Примечательно, что этот год в Казахстане объявлен Годом детей. В своем новогоднем обращении к казахстанцам Президент РК Касым-Жомарт Токаев отметил, что благополучие детей - надежная гарантия успешного будущего государства.

- Речь идет не о лозунгах и праздничных мероприятиях, но прежде всего, о конкретных мерах со стороны органов власти в области здравоохранения, образования, социального обеспечения с целью защиты детства. Гармоничное развитие и счастливое детство подрастающего поколения – это наша общенациональная задача, - сказал тогда Глава государства.

В связи с этим, Правительством был утвержден план мероприятий по проведению Года детей. В него включены разъяснение государственной политики, увеличение творческих, спортивных и образовательных секций и кружков, предоставление школьникам абонементов в музеи и театры, организация различных школ, слетов, конкурсов, сборов, фестивалей, летних лагерей, вебинаров для родителей. Также к осени планируется введение должности регионального уполномоченного по правам ребенка на общественных началах и разработка предложений по трансформации действующей системы оказания материальной помощи обучающимся отдельных категорий. Вместе с тем, в этом году будут проводить скрининги и медосмотры, внедрять в организациях образования службы примирения.

В Ескельдинском районе, как и по всей стране прошли праздничные мероприятия, посвященные Дню защиты детей.

1 июня в честь Международного дня защиты детей на центральной площади Карабулака прошло праздничное мероприятие. Оно было организовано по-особенному, так как, 2022-й объявлен годом детей в стране. Ребятишек и их родителей поздравил глава региона Рустам Али. А после, жителям и гостям района была представлена красочная программа. На ней свои яркие номера представили талантливые девчонки и мальчишки региона. Кроме того, для детей подготовили различные игровые зоны, где они могли рисовать, петь, состязаться в спортивных турнирах. За победу в конкурсах отличившиеся получили призы.

А главным угощением праздника стало любимое всеми мороженое, которое виновникам торжества раздавали бесплатно.

Как сказал глава района, особое внимание уделяется дошкольному образованию. В области насчитывается около 1400 дошкольных организаций, их охват составляет более 98%. В этом году начался капитальный ремонт детского сада «Березка» в селе Карабулак, на который было выделено 460 миллионов тенге. Полным ходом идут ремонтные работы, сдача объекта в эксплуатацию намечена на октябрь этого года. В области реализуется проект «АртСпорт», в рамках которого на нормативно-подушевое финансирование государственных физкультурно-творческих заказов выделено более 4 млрд тенге. Для привлечения молодежи к занятиям спортом центр имеет новые спортивно-оздоровительные комплексы в районах и городах области. В этом году на строительство спортивных площадок в районе будет выделено 60 миллионов тенге. тенге. Для обеспечения летнего отдыха детей планируется отремонтировать здание школы в поселке Коктобе под летний лагерь. 60 млн направят на материально-техническую базу тенге. В летние каникулы 2200 детей с экскурсиями посетят Ешкиолмес, Серкесайское ущелье, краеведческий музей им. М. Тынышбаева, родник Бурхан, мемориальный музей им. Н. Алдабергенова. Совместно с Party Food и батутным центром Bounce проходит благотворительная акция, которая развлечет около 200 детей.

День защиты детей – это не только веселый праздник для самих детей, это и напоминание обществу о необходимости защищать права ребенка, чтобы все дети росли счастливыми, учились, занимались любимым делом и в будущем стали замечательными родителями и гражданами своей страны. По данным Бюро национальной статистики РК, в Казахстане проживает около 6,5 млн детей в возрасте от 0 до 18 лет. Это почти 33% от общей численности населения, что составляет 19 млн 122 тыс. человек.

История праздника восходит к 1925 году, когда решение о его проведении было принято на Всемирной конференции, посвященной вопросам благополучия детей, в Женеве. Что же касается выбора даты - 1 июня, то по одной из версий, именно в этот день в 1925 году генеральный консул Китая в Сан-Франциско собрал группу китайских детей-сирот и устроил для них празднование Дуань-у цзе (Фестиваля лодок--драконов). Эта благотворительная акция и стала точкой отсчета в создании детского праздника.

Кстати, более широкое распространение в мире День защиты детей получил уже после Второй мировой войны, когда проблемы сохранения здоровья и благополучия детей были, как никогда актуальны. В 1949 году в Париже состоялся конгресс женщин, на котором вспомнили про хорошее довоенное начинание – Праздник детей. Эта инициатива была горячо поддержана на Московской сессии Совета Международной демократической федерации женщин. А уже с 1950 года Международный день защиты детей стал ежегодно проводиться во всем мире.

У Международного дня детей даже имеется свой флаг. На зеленом фоне, символизирующем рост, гармонию, свежесть и плодородие, вокруг знака Земли размещены стилизованные фигурки – красная, желтая, синяя, белая и черная. Эти человеческие фигурки символизируют разнообразие и терпимость. Знак Земли, размещенный в центре – символ нашего общего дома.

Сейчас в этот день проходит множество массовых, развлекательных и культурных мероприятий для детей. Представители различных общественных организаций, предприятий, которые имеют возможность помочь, стараются посетить детдома, приюты и другие госучреждения для детей, оставшихся без родителей. Дарят подарки, устраивают сюрпризы, экскурсии в музеи, детские театры, цирк, зоопарк, встречи с артистами, певцами и музыкантами. В обычной семье тоже стараются отметить этот праздник. Взрослые дарят детям подарки, устраивают для них различные развлечения. Этому немало способствуют и местные исполнительные органы городов и аулов, которые очень стараются сделать этот день для детей действительно праздничным.

Дорогие дети! Счастливого детства!

ЖШ Акпарат

KÜLTÖBE

Басы 1-бетте.

Мемлекет басшысы:

«БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАСТАМАСЫ БОЛМАҚ»

Қасым-Жомарт Тоқаев кәне заманнан бастау алған ілім жолы ешқашан үзілмегенін, өткен ғасырда қазақ ғылымы ерекше қарқынмен дамығанын еске салды.

– *Бұл ұйым құрылған кезден бастап қоғамдық дамудың көш басында болды. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әбікен Бектұров, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан, Шахмардан Есенов, Өмірзақ Сұлтанғазин, Мұрат Айтқожин, Әбдуәли Қайдаров және басқа да көптеген көрнекті тұлғалардың есімі Қазақстан тарихына алтын әріппен жазылды. Олардың әрқайсысы өз саласының асқар шыңын бағындырды. Қазба байлығымызды игеруге, өндірісті өркендетіп, экономиканы дамытуға, елді рухани жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосты. Біз халқымыздың біртуар перзенттерінің еңбегін әрдайым жадымызда сақтаймыз. Өскелең ұрпақ оларды үлгі-өнеге тұтады. Бүгінде жас ғалымдарымыз сол алыптардың ізін басып, жолын жалғап келеді,* – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлеуетімізді арттырып, үздіксіз алға басу үшін әрдайым іздену керек. Биік мақсат қойып, жаңашылдыққа ұмтылып, жұмыстың тиімділігін арттыру қажет. Сондай-ақ XXI ғасырда мемлекеттің қуаты ғылыми-техникалық жетістіктермен өлшенетінін, халықаралық аренадағы ықпалы да осыған байланысты екенін алға тартты.

– *Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындаймыз. Бүгінгі басқосуда осы саланың мәселелері туралы ашық пікір алмасамыз деп ойлаймын,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы соңғы жылдары ғылым жүйесінде едәуір өзгерістер болып, саланы тежеп отырған түйткілдерді шешу үшін нақты жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды. Сонымен қатар өткен аптада Ғылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданғанын айтып, еліміздегі 22 мыңнан астам ғалым санын осыдан 30 жыл бұрынғы ахуалмен салыстырғанда көп емес екенін атап өтті.

– *Жалақының аз және тұрақсыз болуы осы саладағы кадрлық әлеуеттің күрт төмендеуіне әкеп соқты. Іргелі ғылымдармен айналысатын институттардың жағдайы өте ауыр болды. Біз алдымызға ғалымдардың санын көбейту, ғылыми экожүйені нығайту сияқты мақсаттар қойып отырмыз. Сондай-ақ, ғылыми жаңалықтардың коммерциялық тиімділігін арттыру және ғылымды басқару жүйесін жетілдіру басты назарда болады,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы проблеманы ғалымдар жылдар бойы көтеріп келгеніне назар аударып, аталған мәселе «Ғылым туралы» заңға енгізілген өзгерістердің негізінде шешілгенін атап өтті. Нақты айтқанда, заңға іргелі зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу институттарын қаржыландырудың жаңа түрі енгізілді. Бұл қадам бірқатар ғылыми институттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Базалық қаржыландыруға жетекші ғалымдардың еңбекақысы кіреді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде ғылыми қызметкерлердің орташа жалақысы 70 пайызға өскен. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мерзімі үш жылдан бес жылға дейін ұлғайтылып, соңғы үш жылда ғылымның мемлекет тарапынан қаржыландырылуы 70 пайызға артқан.

– *Ғалымдардың біліктілігін арттыру үшін әлемдік ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуге гранттар бөлінеді. Ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстардың нәтижелерін коммерцияландыру бойынша сұранысқа ие жобалар жүзеге асырылып жатыр,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымда түйткілді мәселелер әлі де жеткілікті екеніне тоқталып, оларды кезең-кезеңімен шешу үшін Академияның мәртебесін өзгерту, университеттердің ғылыми әлеуетін күшейту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау жүйесін жетілдіру, ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуды тиімді жоспарлау сияқты басымдықтарға назар аудару қажет екенін атап өтті.

Президент Академияның мәртебесін өзгерту мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Бұл құрылымның 20 жыл бойы ғылымды басқару ісінен тыс қалғанын атап өтіп, оның қызметі әлемдік тәжірибеге сай жүргізілуі керек екенін айтты.

– *Бұл құрылым ғылыми ой-тұжырым орталығына айналуға тиіс. Сондай-ақ, сараптама жасайтын беделді мекеме болуы керек. Қара шаңырақтың рөлін арттыру аса маңызды. Сондықтан оған мемлекеттік мәртебе береміз және бюджет есебінен қаржыландырамыз. Оның қазір атқарып отырған қызметінен басқа да міндеттерін нақты белгілеу қажет. Атап айтқанда, ғылыми басымдықтарды әл-ауқатты ұрылым айқындауы керек,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент арнаулы гранттар, стипендиялар және сыйлықтар тағайындау құзыреті де Академияға берілгені жөн деп санайды. Сондай-ақ ғылымға адалдық мәселесіне баса назар аударды.

– *Қазір қоғамда құр атақ үшін ғылыми дәреже алғысы келетіндердің бар екені жасырын емес. Бұл жағымсыз үрдіске айналып барады. Олар, шын мәнінде, ғылыми атаққа ие болғанымен, ғылым жолын жалғастырмайды. Соның кесірінен мемлекеттің қаншама қаражаты босқа кетеді. Бұған біржола тосқауыл қоятын кез келді. Біз ғылымға шынайы берілген азаматтарды ғана қолдауымыз қажет. Оның жолдарын жан-жақты ойластырған жөн,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Академияға лайықты тұлғалар ғана ашық әрі әділ сайлануы қажет екеніне тоқталып, бұл мекеменің қызметін қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіріп, түбегейлі өзгерту керектігін жеткізді.

– *Академиктер барынша ашық әрі әділ сайлануы қажет. Жұрт ұйымға мүше болу рәсімдерін және оған үміткерлерді толығымен біліп отыруға тиіс. Ғылыми қызметпен тікелей айналысатын академиктерге өмір бойы ай сайын стипендия беру мәселесі шешіледі. Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Мұның бәрі Академияның жұмысына тың серпін беріп, беделін арттырады,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев университеттердің ғылыми әлеуетін нығайтуды екінші басымдық ретінде атады.

– *Батыс елдерінде университеттерде технопарктердің аясында әртүрлі инновациялық стартаптар мен технологиялық компаниялар жұмыс істейді. Білім беру жүйесін жеке ғылыми орталықтармен және олардың әлеуетіне қарай технопарктермен біріктіру мықты зерттеу университеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыған байланысты ғылыми зертханалар мен эксперименттік инфрақұрылымды дамытуға мақсатты гранттар бөлу арқылы ЖОО жанындағы ғылыми-технологиялық парктерді қолдау бағдарламасын іске қосуды Үкімет пен салалық министрлікке тапсырды. Президент зерттеу университеттерін білім берудегі сән үрдісі емес, Жаңа Қазақстанның инновациялық экономикасын құрудың негізі деп атап өтті. Бұған дейін еліміздің батысында техникалық университеттер құру қажеттігін айтқанын еске салған Қасым-Жомарт Тоқаев бұл қадамның дұрыстығына толық сенімді екенін жеткізді.

– *Satbayev University – Қазақстандағы техникалық білімнің флагманы, жалғыз ұлттық ғылыми-техникалық университет. Сондықтан ол жаңа техникалық университеттер үшін ғылыми-өндірістік базаға айналуға тиіс. Еліміздің бас техникалық университетінің даму бағдарламасын бекітіп, оның негізінде инженерлік білім мен ғылымдағы жаңа технологиялардың ғылыми-зерттеу хабын құру қажет,* – деді Мемлекет басшысы.

Президент үшінші басымдық ретінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қолдау жүйесін жетілдіру жөнінде айтты.

– *Ғылымды қаржыландырудың негізгі көзі ретінде мемлекеттік бюджетпен қатар жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялардың қаражаттары, ірі жеке сектор – өнеркәсіптік корпорациялар және басқа да ұйымдар тартылуы керек. «Самұрық-Қазына» қоры жанынан Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы құрылды. Оның міндеті – ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу үшін ғылыми қоғамдастықпен жүйелі ынтымақтастық орнату. Жер қойнауын пайдаланушылардың пайдалы қазбаларды өндіруге кететін қаржысының 1 пайызын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аудару және аударымдар мен қаражатты бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен жаңа ғылыми орталықтарды құруға жеке инвестициялар үшін салықтық және инвестициялық жеңілдіктерді арттыратын кез келді деп есептеймін,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жергілікті атқарушы органдарды тарту қажет. Олар да ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыра алуы керек. Жергілікті жерлерде ғылым, бірінші кезекте, облыс экономикасының назарында тұрған мәселелерді шешуге бағытталуға тиіс.

Мемлекет басшысы ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуды тиімді жоспарлау мәселесін төртінші басымдық ретінде атады.

– *Бұрынғы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығын қайта ашу керек деп санаймын. Ғылыми қызметті тиімді басқару және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу – маңыздың міндеттің бірі. Сол себепті, осы саладағы барлық үдерісті тезірек цифрландыру керек. IT саласындағы соңғы жетістіктерді пайдаланып, Қазақстан ғылымының бірыңғай экожүйесін қалыптастыруға тиіспіз,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтіп қана қоймай, оның әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастығын күшейткен жөн деп есептейді. Сондай-ақ ғалымдар еліміздің рухани дамуына да баса мән бергені дұрыс.

– *Жастардың отаншылдық рухын күшейту керек. Қазір әлеуметтік желіде Мемлекеттік туды қадірлеу туралы көптеген ой-пікірлер айтылуда. Өкінішке қарай, қасиетті көк туымызға байланысты орын алған жағымсыз жағдайлар азаймай тұр. Сондықтан, байрағымызды пайдалану тәртібін қайта қарау керек деп ойлаймын. Қажет болса, тиісті заңдарға өзгертулер енгізуге болады. Өйткені, көк туымыз – қастерлі Тәуелсіздігіміздің символы. «Туған жерге туыңды тік» деп халқымыз бекер айтпаған. Біз – туын әрқашан биік ұстаған елміз. Осы ретте, Қаныш Сәтбаевтың бір ойы өзекті болып отырған сияқты: «Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес». Мемлекеттік рәміздерімізді қастерлеу – әр азаматтың перзенттік парызы. Осыны өскелең ұрпақтың санасына сіңіретін ең өуелі – сіздер, яғни зиялы қауым. Қазір еліміз түбегейлі және жан-жақты өзгеру жолына түсті,* – деді Президент.

Мемлекет басшысы бірнеше күннен кейін Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша референдум өтетініне тоқталып, бұл болашағымызды айқындайтын жауапты сәт екеніне назар аударды.

– *Бұл қоғамдық-саяси өзгерістерге қоғамның сұранысын және халықтың алдағы өзгерістердің шынайылығына деген сенімін көрсетеді. Өйткені, осы реформалар жеке тұлғалардың, соның ішінде Президенттің артықшылықтарын арттыруды емес, бүкіл қоғамның мүддесін көздейді. Менен ел ішінде де, шетелде де Мемлекет басшысы өз өкілеттігін референдум арқылы ұзартуға, басқаша айтқанда, президенттік өкілеттікті қайта бастауға қамданып жатыр ма деп сұрайды. Менің жауабым біреу-ақ, мұндай ниет болған емес, болмайды да,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұсынылып отырған саяси жаңғырту бағдарламасының мазмұны – ауқымды. Бірақ басты назар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайтуға, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуын кеңейтуге, мемлекеттік институттардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

– *Дамыған демократиялық қоғам құру дегеніміз айқайлап ұрандату, бірден нәтижеге қол жеткізу емес, дәйекті және жүйелі жұмыс жүргізу екенін түсінуіміз керек. Еліміздің жоғары саяси жауапкершілік мәдениеті орнығуы қажет. Бүкілхалықтық референдум жаңа әділетті Қазақстанды құрудың маңызды бастамасы болмақ,* – деді Мемлекет басшысы.

Президент қолға алған реформалардың табысты болуы оларды жүзеге асыруға барлық азаматтың қалай атсалысатынына тікелей байланысты екеніне назар аударды. Бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана елдің нақты жаңғыруын және прогрессивті дамуын қамтамасыз ете аламыз.

– *Алдағы референдум елдің саяси трансформациясының соңғы кезеңі емес, шын мәнінде оның бастамасы екенін атап өткім келеді. Жұмыс енді ғана басталып жатыр, өйткені өмірдің өзі және азаматтардың қажеттіліктері бізге жаңа міндеттер жүктейді. Саясатта шалт қимылға жол берілмейтінін, ең күрделі геосаяси жағдайларда ол жойқын зардаптарға, деградацияға, тіпті мемлекеттіліктің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін екенін қаперде ұстау керек. Біз осындай тар жол, тайғақ кешуде әр қадамымызға байыппен қарауымыз керек,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұл үдерісте ғалымдар мен академиялық қоғамдастықтың рөлі өте маңызды деп есептейді. Сондай-ақ қай уақытта да ой-пікір алыптары мен көрнекті зерттеушілер қоғамдық дамудың алдыңғы шебінде болғанын айтты.

– *Олар сыни ойлау жүйесін дәйекті түрде қалыптастырды. Надандық пен архаикаға қарсы тұрды және алаяқтар мен популистерге қатаң, дәлелді тойтарыс берді. Өкінішке қарай, еліміздің әлі күнге дейін түрлі ырымдарға, ескірген стереотиптерге және жалған ғылыми идеяларға байланысты құбылыстар бар. Дамудың шынайы заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан түсінетін қоғамда деструктивті көзқарастарға орын жоқ. Бұл жерде білім мен даму үстемдік етуі керек. Жаңа идеяларды тудыратын еркіндік пен шығармашылық атмосферасы – қазіргі әлемдегі негізгі табысты фактордың бірі,* – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, ғалымдар Жаңа Қазақстанды, яғни Екінші Республиканы құру ісіне белсене атсалысып, осы маңызды әрі тарихи сәтте зор жауапкершілік танытатынына сенім білдірді. Жиын соңында Президент бірқатар ғалымды мемлекеттік наградалармен марапаттады

BALALAR JYLY - 2022

ПРАЗДНИК НЕ ТОЛЬКО ДЛЯ ДЕТЕЙ, НО И ТЕХ, КТО ЗАНИМАЕТСЯ ИХ ЗАЩИТОЙ



31 мая в поликлинике ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» состоялись праздничные мероприятия, посвященные Международному Дню защиты детей.

Целью мероприятия стали формирование здорового образа жизни у детей и профилактика наиболее распространенных заболеваний. С раннего утра звучала весёлая музыка из мультфильмов, холлы поликлиники были украшены разноцветными воздушными шарами. Детей и родителей с праздником «День защиты детей» поздравили и провели прием: врачи-педиатры, стоматологи, психологи, специалисты кабинета ЗОЖ, а также председатель профсоюзного комитета ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ». Они пожелали им здоровья, счастливого детства, благополучия, процветания и успехов.

Кроме того, дети и родители приняли участие в викторине и конкурсах, где с радостью участвовали.

Все участники мероприятия получили разнообразные подарки и игрушки.

Также, в детском, хирургическом и родильном отделениях стационара ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» в этот же день состоялись праздничные мероприятия, посвященные празднованию Международного Дня защиты детей.

Международный день защиты детей - это праздник не только самих детей, но и тех, кто каждый день занимается их защитой - врачей, медицинских сестер и даже нянечек, которые постоянно находятся с маленькими пациентами в стационаре. Медицинские процедуры, несомненно, стоят во главе успешного лечения маленьких пациентов, но немаловажную роль играет обстановка и атмосфера, в которой они находятся в период болезни.

Администрацией больницы, профсоюзным комитетом ЦРБ и сотрудниками кабинета ЗОЖ среди мам и детишек были проведены викторины и конкурсы рисунков. Всем были подарены различные подарки. Так же, мамы детского отделения провели развлекательную программу с песнями и стихами.

Детские улыбки и благодарные отзывы родителей стали лучшей наградой организаторам праздника. Ведь основной целью этого мероприятия было порадовать детей, которые находятся в данное время на стационарном лечении.

Пресс-служба ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ»

MINBER

ЕЛДІГІМІЗДІҢ АЙҒАҒЫ

1992 жылдың 4-маусымында Жоғарғы Кеңес отырысында Мемлекеттік рәміздер бекітілді. 2007 жылдың 4-маусымында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң қабылданды. Содан бастап жыл сайын осы датада Мемлекеттік рәміздер күні мерекесін атап өтіп келе жатырмыз.

Егемен ел атанғанымыздан кейін Жоғарғы Кеңестің төралқасы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірді. Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды.

Конкурсқа 600-ден астам адам қатысты. Мемлекеттік ту эскиздері бойынша 1200 өтінім, Елтаңбаның 245 жобасы мен Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылды. Қорытындысында көрнекті суретші Шәкен Ниязбековтің эскизі, белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың жобасы және Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева секілді танымал ақындардың мәтіні қабылданды. Әнұран әуені ретінде Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди сынды аса көрнекті композиторлардың музыкасы қалдырылды.

Биыл Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнінің Әнұран болып қабылданғанына 15 жыл толды. 2006 жылдың 6 қаңтарында Елбасының бастамасымен Парламент отырысында осы туынды бекітілді. Нұрсұлтан Назарбаев ақын Жұмекен Нәжімеденовтің мәтініне заманға сай өзгерістер енгізді. Арада бес күн өткенде, 11 қаңтар күні Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде жаңа Әнұран алғаш рет орындалды.

Ел Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы қаулысымен Мемлекеттік ту мен Елтаңбаны, Әнұранды пайдалану тәртібі бекітілген. 2019 жылдың 28-маусымында осы құжатқа өзгеріс енгізіліп, жеке және заңды тұлғаларға патриоттық сезімін, қазақстандық бірегейлікті білдіру, елдің және оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында ғимараттарда, соның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда Туды ілуге рұқсат берілді.

Мемлекеттік тудың да, Елтаңбаның да стандарттары бекітілген. 2018 жылы Елтаңбаның жаңа стандарты туралы заңнама күшіне енді. Осы стандарттарды қатаң сақтау қажет. 2018 жылдың 12-шілдесінде Қылмыстық кодекстің 372-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Мемлекеттік рәміздерді қорлағандар жауапкершілікке тартылады. Осындайларға екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына және алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған.

Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы қарсаңында Ескелді ауданының жастарымен Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Ж.Мәлібеков, түркология және Алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры К.Сартқожаұлы, сондай-ақ Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология және Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры С.Негимов кездесті. Іс-шара ағымдағы жылдың 26-мамырда өтті.

Қонақтар жастармен әлемдік геральдиканың ерекшеліктері мен тарихи таңбалардың ұлттық санаға байланысы, мемлекеттік рәміздерді қолдану барысы мен әлемдік рәміздерге қатысты деректердің қолданылу барысы туралы өз білімдерімен бөлісті.

Шара соңында Жандарбек Мәлібеков Қазақстан Республикасының Елтаңбасына өз тілегін және қолтаңбасын қалдырды.

Тәуелсіздігіміз баянды болып, Мемлекеттік рәміздер күні құтты болсын!

Қ.САТАНОВ,
Мәслихат хатшысы

1-ШІ МАУСЫМ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі, бөлімше қызметкерлері 1-ші маусым Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай «Әрқашан күн сөнбесін!» атты мерекелік іс-шарасын ұйымдастырылып, аудандық мәдениет үйінде өткізілді.

Бөлім басшысы Бейсбаев Асхат Калымжанұлы барлық балаларға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашанда сыңғырлаған күлкі, қуанышты сәттер көп болсын деп жылы лебізін білдірді. Іс-шарада «Алиназ» би ансамблінің «Бүлдіршін» тобы «Роккер», «Мереке» биімен қызықтырды, кішкентай ханшайымдар «Мир похоже на цветной луч», Ержанқызы Нуриланың «Өмір сұлу» атты әндерімен тамсандырды. Сонымен қатар «Қуыршақ театры» аниматор шақырылып балаларды қызыққа бөледі. Іс-шара соңында «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек» көрсету бөлімшесі есебінде тұрған 62 қызмет алушыға сыйлық таратылды.

Осындай мерекелік шараның өтуіне қол ұшын созған, демеушілік көрсеткен: «Нұрлы тау»,«Оптомир», «Овация»,« Православная Церковь», «Балалар әлемі», Кафе «Нұр», « Витязь», «Светафор», «Болашақ», «Көк жазық», «Алмас» тіс емханасы, «Көктем», «Люкс», «Пельменный цех», «Жасмин», ТОО «Тасун» фирмасы, Жеке кәсіпкер Омаров Думан, Кафе «Ханшатыр», асхана «Балбармақ», «Алдаберген а/о жеке кәсіпкер Жанар Касымовна, жеке кәсіпкер «Нұржігіт», фотосалон «Жанар», «Әлем» кеңсе тауарлар, «Аудандық мешіт». Барлық демеушілерімізге жұмыспен қамту бөлімінің және ата-аналардың атынан айтар алғысымыз шексіз!

ЖШ Ақпарат

БАЛАЛАР ҚОРҒАНСЫЗ БА?

Бұрын баққан әжемізді ұйықтатып, тапа-тал түсте ойын қуалап кететінбіз. Сол кеткеннен түн бата бір-ақ оралмыз. Бізді іздеп сенделген үйдегілер бір рет қалпағымызды қайырып алады. Бірақ ертеңі сол тірлікті тағы жасаймыз. Бақшада өскен қызанақ-қиярды теріп алып, шелектеп сатамыз. Тіпті темір, алюминий өткізіп көрші үйдің қораз кәмпитін аламыз. Үлкендер тек «танымайтын адам кәмпит беріп шақырса барма» деп құлағымызға құятын. Интернет болмаған соң ба, сұмдық жайттар жайында білмейтінбіз. Алаңсыз ойнап, алаңсыз көше кезген шақ еді. Қазір ше?

Ол кезде жарық уақытпен жанады. Білте шамның жарығына сабақ оқып, көз майымызды тауыстық. Теледидар дегенің бір көшеде бір үйде болатын. Ауыл арасында «пәленшенің баласы қайнаған суға күйіп қалыпты» не «түгеншенің баласы құдыққа түсіп кетіпті» дегенді естуші едік. Одан бертін келе өз-өзіне қол жұмсау дегенің шықты. Әсіресе мектеп оқушыларының арасында белгісіз себептермен өлуі жайында ауылдың өзі шулай бастады. Ғаламтор деген пайда болды. Е, Н+ ұстаса да агент деген дүниенің тұңғиығына баттық. Таныстық, байланыс, әңгіме көбейді. Бәленің бастауы да агенттен болды. Танымайтын адаммен кездескен қыз сол адамнан зәбір көрді. Жоғалу, қашып кету секілді нәрселер көбейе бастады. Бертін келе интернет қолжетімділікке ие болдық. Осы сәттен бастап «зорлап кетті, тонап кетті, өлтіріп кетті» деген жаңалықтың ортасына топ ете қалдық. Педофиль дегенді сол кезде көріп, сол кезде жағамызды ұстай бастадық. Кейде балалық шағымызда қалай алаңсыз, қорықпай ойын қуып жүрдік екен деген ой мазалайды. Әйтпесе мұндай қорқынышты жайттар сол кезде де болды емес пе? Тек біздің құлаққа жете бермеді. Анамыздың «өзгеден кәмпит алма» дегенін осы кездері ұға бастағандаймыз. Қазір баланы ойнауға жібермек түгілі мектептен жалғыз қайтуының өзі қорқынышты секілді. Апарып тастаймыз, алып келеміз. Тіпті дүкенге жұмсауға да жүрексінеміз. Неге? Өйткені айнала қорғансыз. Қай жерден қандай қауіп келетінінен хабарымыз жоқ. Қорқыныш көп бізде. Оның үстіне соңғы уақыттағы келеңсіз жайттар мен орын алған оқиғалар ата-анаға үрей туғызуда.

Биыл – Балалар жылы. Демек балаға жіті назар аударып, оның құқығын қорғау, оған бақытты балалық шақ сыйлап, көңіл бөлу басты нысан болуы керек. Дей тұра балалар жылы балалар жайындағы келеңсіз оқиғалармен толығып тұр. Әр күні бір қайғылы жағдай орын алуда. Үш балақай әкесінің көлігінің ашық тұрған багажына қызығып міне, есік сарт жабылып, тұншығып қайтыс болды. Оқиға 18 мамырда болған. Екеуі сол жерде, біреуі ауруханаға жеткізіліп, жансақтау бөлімінде жан тәсілім етті. Жақында ғана анасы қолға ұстап тұрған жерден 9 қабаттағы терезеден құлап кеткен 1 жарым жасар сәби қайтыс болды. Дәрігерлер нәрестенің өмірі үшін 3 тәулік бойы күрескенімен қайран болмады. Ал Сарқандағы қоқыс жәшігінен 5 жасар қыздың мәйіті табылды. Бала сал ауруымен ауырады әрі ақыл-есі кем екен. Астана маңындағы ауылда 6-7 жасар балалар ойнап жүріп пешке тығылып, тұншығып өлді. Өткен аптада Алматыда қазылып ашық қалған котлаванға түсіп кеткен бала шыға алмай көз жұмды. Алдыңғы күндері Шымкентте газ балоны жарылып, өмірге келгеніне 2 апта болған нәресте қайтыс болды. Күніне бір өлім. Суға түсу маусымы келе жатыр. Әрбір суға кеткендердің жартысы балалар екені тағы бар. Интернетте жариялана бермейтін жайттарды қосыңыз. Қайнап тұрған сорпаға отырып қалған, ат теуіп кеткен, ит тістеп алған, «Доместос» ішіп қойған, уксус жұтып алған секілді оқиғалар азаймай тұр.

Жақында ғана Нұр-Сұлтан қаласындағы оқиға көпті дүрліктіріп еді. Көпқабатты үйлердің бірінде терезеден құлағалы тұрған үш жасар бүлдіршінді қызылордалық Сәбит Шонтақбаев құтқарып қалды. Абырой болғанда 8-қабаттан сәби құламай, аман қалды. Сондағы анасы аз уақытқа ғана жұмысқа кеткен. Жалпы баланы үйде жалғыз қалдырудың соңы не болуда? Анаубір жылдары 5 баланы өрт жалмады емес пе? Бала ақыл-есін тоқтатып, балиғат жасқа толғанша оның денесіндегі әр тыртыққа ата-анасы жауапты. Бала деген сол, қимылына көз ілеспейді. Тек сақтық керек.

АНА МЕН БАЛА

Іңгәлап дүние есігін ашқан сәби 5-6 айдан кейін немесе 1 жасқа да жетпей жарық дүниемен қоштасатын болса, бұдан артық қасірет бар ма? Қорғасындай ауыр сауалға біржақты жауап қайтару қиын-ақ. Соңғы жылдары сәбидің дүниеге келу деректері өскенімен олардың шетінеп кету көріністері алаңдатпай қоймайды. Иә, ұлт болашағы дені сау ұрпақпен байланысты. Республика, облыс көлемінде ана мен бала өлімі деңгейі қандай?

Былтыр елде босану жасындағы әйелдер саны 4 млн-нан жоғары болып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 425 мыңға артқан. Балалар саны 6 миллионнан жоғары. Есепті мерзімде босану саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 23349-ға артық. Ал 2014 жылмен салыстырғанда дүниеге келген бала саны 45 мыңға көп. Кадрмен қамтамасыз ету бойынша, акушер-гинекологтар 91,4 процент, неонатологтар 83,8 процент. Жалпы медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтау көрсеткіші – 85,9 процент. Былтыр ана өлімі 22,6 процентке артқан. Оның басты себебі коронавирус инфекциясымен байланысты. Бала шетінеуіне байланысты айтсақ, 5 жасқа дейінгі балалар өлімі 6,5 процентке төмендеген. Керісінше, бір жасқа дейінгі балалар арасында өлім көрсеткіші 5,2 процентке көбейген.

.

ӘКЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК...

Көпбалалы ананың балаларын тастап, көлденең көк аттының қолынан ұстап кете барғаны жайында көп естідік, көрдік, білдік. Жағамызды ұстадық. Бейбіт күні анасынан не әкесінен көз жазып қалған баланың мұңын ескерер қайсы? Ресми дерекке сенсек, елімізде 230 мыңдай адам өз балаларына алимент төлеуден жалтаруда. Оның 6 500-і әйел, қалғаны еркек. Елдегі жалпы қордаланған алименттің берешегі 12 млрд 500 млн теңге. Егер балаларынан кеткен әке не шеше алиментті 6 ай төлемесе сотқа беруге болады. Баладан безген борышкерлерге арналған ҚК 139 бабы бар: 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Қазақта «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген жақсы тәмсіл бар. Әке – ол әрбір істі ойлап барып бас¬тайтын, қамқоршы жан. Анадан гөрі қатал. Әсіресе ер баланың тәрбиесінде оның рөлі айрықша. Әкенің мінезі, өнері мен білімі – ұл баланың өнеге алатын нысанасы. «Сегіз қырлы, бір сырлы», намысшыл ер тәрбиелеу аталар арманы болған. «Әке көрген оқ жонар» деген сөз соны меңзейді. Ал қыз бала – ертеңгі келін. Барған жерінде қандай тәрбие алғаны анасынан айшықталады. «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші отбасынан бастау алған тәрбие оның келешегі болмақ. Шаңыраққа ие отағасының бала-шаға деп, түздің тірлігін бірінші орынға қоятыны жасырын емес. Ал үйдегі күй – отанасының мойнында. Қаталдықтың артында өжеттілік, қайраттың артында жігер жататынын кейбір азаматтарымыз ескере бермейді. Мұның соңы әскерден қашқандар мен жауапкершіліктен бой тасалаған сырғалы жігітсымақтардың қатарын көбейтеді. Өскелең ұрпақ толыққанды тәрбие алу үшін әке мен ана да бірдей атсалысуы қажет. Олай болмаған жағдайда ұл-қызға әке тәрбиесі жетіспей, келеңсіз жағдайлар да жиілейді. Әкесіз өскен ұл нәзік мінезді, анасыз өскен қыз ер мінезді болмайды ма?

КИБЕРБУЛЛИНГ ҚАУҚАРЛЫ БОЛЫП ТҰР

Қазір әлеуметтік желідегі ессіз жазбалар, пікірлер, мессенджерлердегі қорқыту, үркіту хаттары, фейк аккаунттан түрлі ерсі бейнеролик пен суреттер орнатып, әдепсіз сөздер жазып, қоқан-лоқы көрсету – кибербуллинг деп аталады. Яки бұл – адамды ғаламторда, оның ішінде әлеуметтік желілерде қорлау. Ал бүгінде әлемтордың құрсауында тіпті бір отбасының барлық мүшесі бар деуге де болады. Иә, біз кейде баламыз бастысы үйде отыр ғой дейміз. Бірақ сол бала үйде болғанымен, желіде отыр. Онда түрлі нәрсені көріп, түрлі дүниеге әуестенеді. Өмірдің оң мен солын енді ажыратар тұста, үшінші жолды көрсететін осы – ғаламтор.

Әлемдік статистика бойынша, адам күніне 6-7 сағат ғаламторда отырады екен. Әрине, ғаламтор жаңа білім үйрену үшін, өзіңді-өзің дамыту үшін жақсы. Алайда интернетте негатив көп. Балалардың агрессияға ұшырауына, мінезінің өзгеруіне интернет ойындардың, видеолардың әсері бар. Кез келген адам кибербуллингке ұшырауы мүмкін. Буллинг шындап адамға зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей кездері буллингтің кесірінен адамдар өзін-өзі өлтіру жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Мәселен, «хит» болған – «Синий кит», «Розовый сон» деген сияқты балаларды өлімге итермелеген ойындар қаптады соңғы жылдары. Бұл ойын жалпы елу тапсырмадан тұрды. Ең соңғысы – өз-өзіне қол жұмсау. Әйтпегенде, қорқытып-үркітеді-мыс. Бұл ойын жақын жылдары өрмекшінің өрмегіндей торлай бастады. Оған қатысқаны да, ойыннан от шығып, суицидке барғандарының да қарасы қалың еді. Ойын елімізді айналып өтпеді. Бірінен соң бірі түрлі әрекетке бара бастады. «Синий китті» қазақшаға аударған жас жеткіншек ұсталды. Ол «Жұмаққа жетудің 50 жолы» атты бағдарлама жазып, таратқан. Бұған не себеп? Бұл бізге қалай жетті? Өзіне қол салғандардың соңғы хабарламасын тексергенде осы желідегі хаттарынан күмән келген. Бір қызығы, мұндай әлеуметтік желілерді қолданушылардың дені – жасөспірімдер. Осындай қауіпті платформаларды Қазақстан ақпарат министрлігі бірден бұғаттап отырады. Ата-аналар күндіз-түні смартфонға байланған балаларының кіретін сайттарын тексеріп отыру керек. Ал мұндай жағдайға көбіне жақынынан жылулық көрмейтіндер барады екен.

Дүрбелеңге толы дүниеде болып жатқан көптеген келеңсіз оқиғалардың бел ортасында бейкүнә сәбилер жапа шегуде. Қорғансыз баланы қоғам қорғамаса, басқасынан не қайыр?

Айнұр ӘЛИ

◆ TŪMSA

ЗҰЛМАТТЫ ЖЫЛДАР АҚТАҢДАҚТАРЫ

Ел егемендігін алғаннан соң 1993 жылы 14 сәуірде жаппай құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 31 мамыр – саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялаған еді.

Бұл жазықсыз жапа шегіп, қазақ халқын егеменді ел етеміз деп еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жұмыстың бастауы болатын. Ресми деректерде 1927-1953 жылдары Қазақстан бойынша 125 мыңнан астам адам құғын-сүргінге ұшыраған. Олардың 25 мыңы атылды. Репрессия 1928 жылы басталды. Қазақ елінде алдымен Алаш қайраткерлері тұтқындалып, оларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Соның салдарынан Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбақиев, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров және тағы басқа зиялыларымыз ату жазасына кесілді. Ресейге көгендеулі болған замандарда отаршыл саясат ерлік пен елдікті тамырынан қиюға бар күш-жігерін салды. Түрлі айлатәсілдерді алға тартып, адамдықтан аттап, қитұрқы саясатын жүргізді. Ең сұмдығы – халықты қолдан аштан қырып, жас талғамай, әйелбала, қарт демей құғын-сүргінге ұшыратып, қоғамның табиғи дамуына тосқауыл жасады. Саяси құғын-сүргін зобалаңында қазақ рухы жігерінен айрылып, жасығанымен, өз тамырынан ажыраған жоқ. Оның себебі – ата-бабаның ұрпағына қалдырып кеткен рухани азығының молдығынан деп түсінуге болады. Отбасында балаға ең бірінші кезекте адам болуды, адамгершілікті үйреткен ата-әжелеріміздің тәрбиесі талай адамды қиын-қыстау кезеңнен аман алып шықты. Талай жан қызылдар қырғынынан аман қалған ұрпағына ерлік пен елдіктің үлгісін көрсетіп, өмірден өтті.

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде халқымыздың басынан өткен қанды қасіретке үңілсек, XX ғасырдың 30-жылдардағы зобалаңға теңесері жоқ. Мәліметтер бойынша, 1930 жылдарда 1,5 миллионнан 2,5 миллион адамға дейін шығын болды. Азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай ұжымдастыру, 1932–1933 жылдардағы аштық, 1937–1938 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айырылды. Мысалы, осы аштық, құғын-сүргін салдарынан қазақтар – 22 процентке, украиндықтар – 21 процентке кеміген. Бұл екі халық Кеңес өкіметінде ең көп шығынға ұшыраған ел болып есептеледі.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранын ұстанған шолақ белсенділер тіршілігі төрт түлікке байланған жұрттың аштан қырылуына себепкер болды. Репрессия жылдарында елде 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың корей, 507 мың Солтүстік Кавказ халқы жер аударылды. Сонымен бірге қазақ жеріне күшпен қырым татарлары, түрік, грек, қалмақтармен өзге де ұлт өкілдері көшірілген еді. Жалпы елімізге 1 миллион 500 мың адам жер аударылған болатын. «Халық жауларын» анықтау бойынша қатаң саясаттың салдарынан құғын-сүргінге ұшырағандардың өзі ғана емес, олардың жақындары да осыбір кезеңнің ауыртпашылығын сезді. Олар үшін Қазақстанда АЛЖИР (отанына опасыздық жасағандардың әйелдері қамалған Ақмола лагері), Карлаг (Халықтық ішкі істер комиссариатының Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг (саяси тұтқындарға арналған лагерь) арнайы лагерьлері болды. Карлаг жаппай саяси құғын-сүргін кезінде құрылды. Жалпы, Қазақстанда сол кезде кеңестік тоталитарлық жүйе адам тағдырын аяусыз қинаған лагерьлер өте көп болды. Алайда Карлаг өзінің ауқымы мен маңыздылығы жағынан ең ірісі еді. Степлаг лагері де Қазақстандағы атышулы лагерьдің бірі болған. Степлаг немесе Дала лагері – ГУЛАГ жүйесіндегі саяси тұтқындарға арналған лагерь. Оның басқару орталығы бүгінгі Жезқазғанның Кеңгір ауылында орналасқан еді. АЛЖИР – ең ірі лагерь, онда Отанына опасыздық жасағандардың отбасы мүшелері қамалған. Талайдың тағдырын тәлкек еткен мекеме 1937 жылы 15 тамызда Ақмола қаласынан оңтүстік-батысқа қарай Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде құрылды. «АЛЖИР» лагері 30 гектар жерді алып жатты. Тарихшылардың айтуынша, оның Қарағанды және Ақмола облыстарында бірнеше бөлімшесі болған. Осыбір кезеңде Қазақстанда орналасқан барлық лагерьде өлім көрсеткіші өте жоғары болды. Сондай-ақ 1940 жылдан бастап 1950 жылға дейін Карлагта 10 000 тұтқын көз жұмды. Ал 1943 жылы өлім көрсеткіші тіпті жоғары болды, бұл жылы әр ай сайын өте ауыр жағдайда жүздеген адам жан тапсырып жатты. Біздің халық құғын-сүргін кесірінен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, олардың рухына құрмет көрсетуді әр уақытта да есінен шығарған емес. XX ғасырдағы саяси құғын-сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі. Өйткені, әкімшілік-жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ.

Кеңестік тоталитарлық жымысқы саясаттың салдарынан 1937-1944 жылдары қазақ жеріне кәрістер, Кавказдан шешендер, ингуштар, балқарлар, қарашайлар, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан қырым татарлары, поляктар, болгарлар, күрдтер, Еділ бо¬йынан немістер ата-бабасының жерінен жер аударылып қазақ жеріне көшіріліп, қоныстандырылды. Архив материалдарына сүйенетін болсақ «Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 9 қазан 1937 жылғы Қаулысына сәйкес біздің Қармақшы ауданына 2155 кәріс ұлты өкілдері қоныс аударылған. 1938 жылы көшіп келген өзге ұлттарды ауданымыздағы Жосалы механикалық зауытына, құрылыстарға жұмысқа орналастырған. 1941 жылы 16 тамызда Ленинград облысынан 100 адам, 23 қарашада Ростовтан 300 украин, орыс, еврей, немістер көшіріліп әкелінген» делінген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданады.

1997 жылы Тұңғыш Президенттің Жарлығы бойынша, 31 мамыр – саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Тәуелсіздік жылдары 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандасымыздың есімі жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам заңсыз құғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды. Құғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау шаралары әлі де жалғасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еске алу күніне орай жасаған үндеуінде «Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды» деп тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды.

Ал сол бір қасіретті жылдарды есте сақтау бүгінгі және келер ұрпақтың парызы. Қазіргі заманның ұрпақтары бұл күнді қаралы дата деп айта салғанымен, астарында терең мағына һәм ауыр қасірет жатыр. Бірақ осы бір күннің өзі қазақ халқының басынан өткен зобалаң шақты, нәубетті еске түсіреді.

Айнұр ӘЛІБЕК

◆ SOIYL SÖZ

«АЙТПАСАҢ СӨЗДІҢ АТАСЫ ӨЛЕДІ». АЙТЫЛМАҒАННАН ҚАНША АТАНЫ ӨЛТІРГЕНІМІЗДІ ҚАЙДАМ, БІРАҚ СОЛ СӨЗ АТАСЫН ТІРІЛТПЕКТІ ОЙҒА АЛДЫҚ. ӨЙТПЕСКЕ ЛАЖ ЖОҚ! НАМЫС БАР! АР БАР. ТЫҢДАР ҚҰЛАҚ БОЛСА...

ПАЙЫМ ТАРАЗЫСЫ НЕМЕСЕ ҚАЙЫРЛЫ ІСКЕ СҰРАНЫП ТҰРҒАН ТІРЛІК

«Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ» деуші меді?! Алтынды бұл жердің жұрты да қандай құнды металл екенін біледі, ал жантақты ше? Тікені тұла бойын қаптай орналасқан, ұстауға болмайтын шөптесін екенін бірі білсе, бірі білмес. Жә! Жантақ пен алтынды салыстырмайық. Бірдің пайым таразы басқаны салмақтап көрсін...

Редакцияға таң атысымен жол саламыз. Арқаланбасақ та, «өзі бір күндік, сөзі мың күндік» тіршілік һәм тілшіліктің «ала дорбасын» артынып жүреміз үнемі. Қоғам болғасын бәрі болады. Мұнда бар да, жоқ та, асқан да, тосқан да, сүрінген де, бүлінген де, сүрініп, бүлініп, тіршілікке білегін түрінген де бар. Солардан титімдей сабақ алып, қоғамға соны үлгі етіп жүреміз. Өйтпегенде ше? Әдетте журналисті былайғы жұрт хабаршы, жаршы деп біледі. ЖОҚ! Жауабы анық. Журналист – қоғамның үні! Әйтпесе, Ұлт ұстазы Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп тегін айтпаған болар! Ал сол ізбен сол қоғамның жайын баян қылайық.

Ой орамын редакцияға жолмен жалғайық. Үнемі Қарабұлақ ішіндегі саябақпен өткенде көше тазалықшыларын көремін. Дені еңкейген, еңкеюге шақ қалған азаматтар мен азаматшалар. Кейде аяйсың! Бірақ мүсіркеу жоқ. Хақымыз да жоқ. Өйткені олар бір күн бойы Қарабұлаққа келушілер мен осы мекеннің тұрғындары шашқан қоқысты жинаумен айналысады. Сол тазалықшылардың ішінде көзге ұратын да, жүректегі пенделікті емес, адамдықты көздеп тұратын да бір жайт бар. Базар маңындағы саябақты үнемі бір кісі тазалап жүргені. Ондайлар көп демеңіз! Көп болмасын да! Өзгелерден кемі жоқ кісі үнемі жұмысына тиянақ. Сайып келгенде өзгеден асырып іс тындырмаса да, өзгеден кем қылмайды әйтеуір. Оған өзім де, екі көзім де, жүректегі пендеуи сезім де дәлел. Сол кісіні айтамын. Мықшыңдап жүреді. Тынбайды бір. Бірақ, пендеде аяқ та екеу, қол да екеу, екеу қас та, құлақ та дегенмен, ол кісінің қолы екеу емес. Жұмыр жұдырығы - біреу. Біреу - тіршілікке тіреу.

Әлгі тазалықшы кім деп отырған боларсыз?! Осы Қарабұлақтың тумасы, Манап Жексенбаев деген азамат. Жай азамат емес, нағыз азамат. Жөнін жақында білдім. Тірлігіне, тұрмысына, адамдығы мен азаматтығына тәнті болдым. Өйтпеске пайымның таразысы рұқсат етпес еді. Манап 1979 жылдың тумасы. Екі баланың әкесі. Бір ұл мен бір қызды тәрбиелеп отырған қайсар азамат. Қалай дейсіз ғой. Өйткені тәні жарым болса да, жаны бүтін жігіт ағасы қос құлынын жалғыз жетелеп келеді. Құдай қосқаны демейін (Құдай қосса, ажырассын деп қоспайды, ажырасу оған жат), тағдыр қосқаны уағында екі баласын да, жарын да тастап кеткен. Сот арқылы ара-жікті ажыратқан. Оған Манаптың сағы да, адамдық жаны да сынбапты. Қалай азамат демессің! Қалай нағыз азамат демессің!

Манаптың қолы туа бітті емес, жүре бітті жоқ. Сонау 2000 жылы электр тоғының кесірінен бір қолды білектен берген. Қазір сол қолдың жоқтығына мойып отырған жоқ. Мойымайды да. Алайда тіркеуде III топтың мүгедегі болып тұр. Құдай бере салғандар бірден I топтың мүгедектігін неге бермегеніне таң қаламын. Бәлки білектен төмен қол қайта өседі деп отырған болар. Мүмкін мемлекеттің ақшасы көп шығын болады деген де шығар. Себебі қазір Манап үкіметтен осы мүмкіндігінің шектеулілігіне байланысты 33 мың теңге жәрдемақы алады. Ал сол 33 мың теңгеге тап осы уақытта екі балаң мен өз тамағыңды жарытып көр. Әрі кетсе 10 күндігіңді өтерсің. Сосын аштан қатпасаң... Содан Манап қарап отырмай, қам қылмақпен жұмыссыздыққа тіркеліп, көше сыпыруға жалданыпты. Жалданбаса 10-ды бітірген бойжеткені мен 6-ны бітірген азаматын қалай азықтандырмақ. Бұл маңнан солардың нәпақасын тауып жүр. Бар-жоғы 71 мың теңге!

Тағы да айтайын, «Айтпаса сөздің атасы өледі». Біршама уақыт бұрын Манап әкімдікке барыпты. Енді қайтпек? Қам қылғанға қоң қонады деген. Үй сұрай барған ғой. Пәтер жалдап тұрған мүмкіндігі шектеулі жанның бас ауруы баспана. Содан әкімдіктегілер III топтың мүгедегіне баспана берілмейді, тек жер телімін ала аласыз депті. Бәлки, жерді ал, қолың қайта өсер, сонда үй саларсың деген де болар. Әкімдіктегілер Құдай алғанын қайтіп бермесін қайдан білсін!

Жұмысқа келе жатып тағы бір жайтты үнемі көремін. Бір соқталдай азамат саябақ ішіндегі көгалда үнемі құлап жатады, не жанына бірер адамды жиып, шыны соғыстырып отырады. Кейде итжынды келтіріп, елу теңге сұрап тұрады үйге қайтуына. «Айқап!» дейсің мұндайда. Манаптан неге үлгі алмайды дейсің күйініп.

Ойды ой қуады. Сөзді сөз қумасын. Манап Жексенбаевты мүсіркеу, мүсәпір көрсету ойда жоқ. Бастысы, оның азаматтығын елге көрсету. Отбасын асырап, бала-шағасын өзгелерден кем етпеуге тырысқан азаматтың бір жоғын түгендеуге жәрдемдесу. Манаптың жоғы – баспана. Құрметті ауданның атқамінерлері, қайырымды кәсіпкерлер, ел сөзін алға тартып жүрген халық қалаулылары, депутаттар Манаптай азаматтар қазір сирек. Сирек болатұғын жәні бар. Өйткені, аяғы да, қолы да, ақылы да, есі де бүтін болса да, мемлекетке сарыауыз балапандай ауызын ашып отырғандар жетеді. Оларды бұлай еткен масылдықтың жетегі. Ал Манап оларға үлгі. Мұндай үлгілі азаматқа жиылып, жинап баспана әперсек, нағыз қайырлы іс болмақ. Қайткенмен, қайырымды баба қазақтың ұрпағымыз ғой. Бәлки, сөзіміз әкімдіктегілерге өтіп, тіпті, ауданның басшысына жетіп, Манап баспаналы да болып қалар. Құдай сол күнге жеткізсін! Жаңа Қазақстан Әл-Фарабише айтқанда «қайырымды қала тұрғындары» арқылы құрылсын дейік!

Д.САДЫҚ

ТАҒЛЫМ

«ҒАСЫР САҢЛАҒЫ» ҺӘМ ҰЛТ ҰСТАЗЫНА 150 ЖЫЛ

Ескелді аудандық кітапханасында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Бір ел-бір кітап акциясы» бойынша «Ғасыр саңлағы» атты еске алу кеші өтті. Оқырмандар назарына Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен оның шығармаларына жайлы слайд шолу мен «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша ұйымдастырылған кітап көрмесі таныстырылды.

Ахмет Байтұрсынұлы-бұл есімді білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, бұл кезде мемлекеттік мәртебеге ие болған Қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахметтің есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан да осы бірегей тұлға!

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйек қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Аққөл ауылында дүниеге келген. Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Ахмет ұлттың ұлы ұстазы, ағартушы-ұстаз, тілші-ғалым, аудармашы ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, өз ұлтын сүйген патриот адам.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді.

Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді.

1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсыновтың есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласынданда республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсыновтың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Ескелді аудандық кітапханасы

HABARLANDYRU

Құрметті болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналары!

1 сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өтеді.

1 сыныпқа 6 жастағы балалар қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толған балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қызмет толықтай автоматтандырылған және eGOV.kz порталы арқылы көрсетіледі.

Қандай құжаттар қажет?

- Ата-ананың өтініші (электронды түрде қалыптасады)
- Туу туралы куәлік (электронды түрде қалыптасады)
- Баланың денсаулық паспорты (026/у-3 нысаны)
- Егу паспорты (065/у нысаны)
- Баланың суреті (3*4 өлшемді)

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

Дорогие родители будущих первоклассников!

Прием документов в 1 класс проходит с 1 апреля по 1 августа.

Для удобства граждан услуга полностью автоматизирована и оказывается через портал eGOV.kz.

Какие необходимы документы?

- Заявление родителя (формируется электронно)
- Свидетельство о рождении (формируется электронно)
- Паспорт здоровья ребенка (форма 026/у-3)
- Прививочный паспорт (форма 065/у)
- Фото ребенка (размером 3*4)

Отдел образования по Ескельдинскому району

ODA

ШАПШАҢДЫҚҚА ШЫҢДАЛҒАН ШӘКІРТТЕР

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігі мәлім. Спортпен айналысқан мектеп оқушыларының денсаулығы мықты, өзі шыдамды болатыны белгілі. Ата - бабамыз "тәні саудың – жаны сау" - деп бекер айтпаған. Ұлы ойшыл Ибн Сина: «Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керек» деген екен.

Киелі Ескелді жерінің мектеп оқушылары да спорттан кенде емес. Түрлі сайыстарда топ жарып келеді. Қазіргі таңда үстел теннисі елімізде өте кең тараған ойындардың қатарына еніп отыр. Ойын кезінде жоғары қозғалыс белсенділігімен ерекшеленетін ойын түрін ойнай отырып, баланың бойына жылдамдық, шапшаңдық пен ептілік, қимылды дұрыс басқарушылық, зейінділігін арттыру, көзбен мөлшерлеу, тез шешім қабылдап, ойлау сияқты қабілеттіліктерін қалыптастырады. Осы тұста жуырда Қонаев қаласында өткен үстел теннисі жарысынан облыстық ұлттық мектеп лигасына Ескелді ауданының Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқушылары қатысты. Барған жерден бал асап қайтқан саңлақтар үздіктер қатарынан табылып, жүлделі I орынды иеленді. Құттықтаймыз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

БІЛІМДІНІҢ БӘСІ БИІК

25 мамыр күні Алматы облысы білім басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес Балалар жылы аясында зияткерлік және шығармашылық іс-шаралар жеңімпаздарын «Жетісу дарыны» оқу-әдістемелік орталығында марапаттау рәсімі өткізілді. Іс-шарада Ескелді ауданынан Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Сабыр Дильназ Мұратханқызы жалпы білім беру пәндер олимпиадасының республикалық кезеңінде III орын иеленгені үшін облыс әкімінің Алғыс хаты, медалімен және ақшалай сертификатымен марапатталды. Оқушымызды шын жүректен құттықтаймыз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

BÄREKELDI

ҮЗДІК ҰСТАЗ МАРАПАТ ТҰҒЫРЫНДА

Алматы облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Кенесары хан - ерлік дәуірінің тұлғасы» атты үздік ықшам сабақтар байқауында Жаңалық негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Жандильдинова Салтанат Жумагалимовна жүлделі 1-орынды иеленді.

Әріптесімізді шын жүректен құттықтап, ұстаздық жолындағы абыройлы ісіне толымды табыс тілейміз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

26 мамыр күні аудан бойынша барлық мектептерде жазғы мектеп жұмысы басталды. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар әзірленді. Жазғы мектепте мектеп кітапханасына, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілді. Осы бағыттағы білім беру жұмыстары 17 маусымға дейін жүргізіледі.

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

SIZ BILESIZ BE?

БҮЛДІРШІНДЕР МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

1925 жылы Швейцарияның Женева қаласында өткен Балалардың денсаулығы мен бейбіт өмір сүруі туралы әлемдік конференцияда атаулы күннің негізі қаланған екен. Неліктен дәл 1-маусым екені белгісіз. Кей деректерде 1925 жылдың 1 маусым күні Қытайдың АҚШ - тағы бас консулы Сан - Франциско қаласында «Айдаһар - қайық фестивалін» тойлау үшін жетім балаларды жинаған екен деседі. Женевада өткен конференция да дәл осы күні, яғни 1 маусымда өткен. Халықты қан қақсатқан екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан жетім қалған балалардың жайын 1949 жылы Парижде өткен әйелдер конгресінде көтерді. Осыған орай, келесі жылы 1950 жылы 1 маусымда алғаш рет мереке ұйымдастырады. Жаңа бастаманы көптеген елдер қолдап, осы күнді балалар мерекесіне айналдырды. Көздерінен күн күліп тұратын бүлдіршіндердің мерекесінің тарихы осындай.

Арайлым ДАДАНБЕКОВА
Тұран университетінің 3-курс студенті

ABAI BOLYÑYZ

БИТШЕҢДІК ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Битшеңдік – адамның жалпы паразиттік ауруы, оның қоздырғышы белгілі бір паразиттер-биттер, кішкентай қан соратын қанатсыз жәндіктер. Өкінішке орай, бастың битшеңдігі жылдар бойы өзекті мәселе болып қалуда. Жыл сайын мектептер мен бала-бақшаларда педикулез жағдайлары көбеюде.

Бастың битшеңдігі негізінен - мектепке дейінгі, кіші және орта мектеп жасындағы балалардың ауруы. Көбінесе балалар мен жасөспірімдер жұқтырады, жиі қыз балалар ауырады.

Бұл дерт бастың биттерін жұқтырған адаммен байланыста болған кезде, көбінесе науқас пайдаланатын заттарды қолданған кезде жұқтырады. Битшеңдік өте тез таралады, аурудың қоздырғыштары – биттер басқа да бірқатар тері ауруларын тудыруы мүмкін. Сондықтан үйде де, балабақшада да, мектепте де битшеңдіктің алдын-алудың маңыздылығын елеусіз қалдыруға болмайды. Егер балалар тобында кем дегенде бір битшеңдік жұқтырған бала болса, онда топтағы басқа балаларға жұғу қаупі жоғары, өйткені битшеңдік - "ұжымдық ауру". Көбінесе битшеңдік гигиенаны сақтамаумен байланысты, бірақ күнделікті бас жуудан битшеңдіктен құтылмайтынын көп адам біле бермейді. Битшеңдіктің таралуына балалардың белсенді ойындары ықпал етуі мүмкін, оның барысында шаштың жанасуы, ұйқы және басқа іс-шаралар кезінде балалардың байланысын болдырмау мүмкін емес. Сондықтан әлеуметтік жағдайы жақсы отбасылар да биттерді жұқтыруы мүмкін.

Ауруды қалай анықтауға болады? Кейде сіркелерді қайызғақпен шатастырады. Битшеңдік қышумен, тістеген жерлердің терісінде бөртпелердің, бактериялық инфекция қосылған кезде пустулалардың пайда болуымен сипатталады, құлақ және шүйде лимфа түйіндерінің ұлғаюы да мүмкін.

Битшеңдікітің асқынуы: жиі кездесетін бастың битшеңдігі бас терісінің жағымсыз қышуы мен бас терісінің қайталама инфекциясынан басқа аса қауіптілік тудырмайды. Киімнің биті – сүзек жұқпалардың таратушысы, бүгінгі таңда жиі кездеседі. Бұл инфекция негізінен үнемі жууға және таза киім киюге мүмкіндігі жоқ адамдар арасында жиі кездеседі. Сүзек жұқпасы жалпы температураның жоғарылауымен, бөртпелердің пайда болуымен және басқа да белгілермен байқалады. Бұл жағдайда инфекционист дәрігердің кеңесі және инфекциялық бөлімшеде оқшаулап емдеуді қажет етеді.

Битшеңдіктің алдын алу шаралары:

Жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;

Шашты үнемі қырқу және күнделікті тарау;

Денені ыстық сумен және сабынмен үнемі жуу, іш киімді ауыстыру;

Киімді жоғары температурада жуу;

Сыртқы киімді, төсек-орын жабдықтарын жүйелі түрде тазалау және оларды таза ұстау;

Киім мен төсек-орындарды үтіктеу;

Төсек жабдықтарын уақтылы (аптасына кемінде 1 рет) ауыстыру;

Тек өздерінің төсек-орын жабдықтарын, киімдерін және жеке гигиена заттарын пайдалану;

Бассейнде шашты қорғау үшін арнайы бас киімді пайдалану;

Кездейсоқ жыныстық қатынастан бас тарту;

Балаларда, сондай-ақ халық арасында битшеңдікті анықтау үшін кезеңдік медициналық қарау жұмыстарын жүргізу;

Балалар мекемелеріне педикулездің әкелінуіне жол бермеу.

Алматы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

SAULYQ SAQTYQTA

ТЕМЕКІ ШЕГУ – ТІРШІЛІККЕ БАЛТА ШАБУ

Тақырыпты орыстың ұлы белгілі фармакологы И.Догельдің сөзімен бастайық. Енді тарқата айтсақ, темекі – заңды түрде қолдануға болатын есірті түрі. Темекі жапырағында танин, желім, шайыр, крахмал, және алколоидтер бар өсімдік. Темекі түтінінде 30-дан астам улы заттар бар. Темекі шегу – денсаулыққа зиянды әсер ететін ең көп тараған зиянды әдеттердің бірі. Темекі түтінінің ең зиянды бөлігі – никотин. Айтулы қоспа миға темекіні тартқаннан 8 секундтан кейін келіп түседі. Әрбір тартылған темекі өмірді 15 минутқа қысқартады. 13 секунд сайын темекі шегу салдарынан пайда болатын аурудан бір адам қайтыс болады, ал бір жылда – 2,5 млн адам қайтыс болады.

Шылым түтінінің зияны мынадай қауіп-қатер тудырады:

- үнемі түтінмен демалғаннан дауыстың қарлығып, жөтел пайда болады, ауыз қуысының, көмей мен бронхтың обырын тудыру мүмкін
- темекі түтінінің әсері көздің жасын ағызады, ол бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.
- шылымдық қоспалардың улы әсері жүректі айнытуы, құстыруы, артериялық қысымды жоғарылатуы, жүрек қағысын жиілетуі, құрысу мен ес жоғалту және т.б. жағдайлар туғызуы мүмкін,
- шылымдық қоспаларды тұтыну психологиялық аурушаңдыққа, мүгедектікке алып келеді.

Темекіні тастау арқылы ағзада мына өзгерістер болады:

20 минуттан кейін артериялық қысым төмендеп, тамыр соғысы қалпына келеді;

8 сағаттан кейін қандағы көміртегі тотығының деңгейі төмендейді, қан құрамындағы оттегі қалыпты деңгейге дейін жоғарылайды;

4 сағаттан кейін жүрек ұстамасы қаупі төмендейді;

48 сағаттан кейін дәм мен иіс сезу қабілеті артады;

2-12 аптадан кейін қан айналымы жақсарады, өкпе қызметі жақсарады;

1-9 айдан кейін жөтел, мұрынның бітелуі мен шаршау және алқынып дем алу азаяды;

1 жылдан кейін ишемиялық жүрек ауруымен ауру қаупі 2 есеге төмендейді;

5 жылдан кейін ауыз қуысы, көмей мен өңештің сілемейлі қабығының обыры қаупі 2 есеге қысқарады, инсульт қаупі ешқашан темекі шекпеген адамдағыдай төмендейді;

10 жылдан кейін өкпе обырымен ауыру қаупі 2 есеге төмендейді. Саулығыңыз өз қолыңызда. Шылымнан бүгін бас тартыңыз.

Г.КАЛИЯКБЕРОВА,
аудандық аурухана маманы

PROFILAKTIKA

ЧТО ТАКОЕ КОКЛЮШ?

Коклюш - это опасное инфекционное заболевание дыхательных путей, которое вызывается бактериями Bordatella pertussis. Первое описание этой болезни было дано французским врачом Гийеном де Байоном во время парижской эпидемии коклюша в 1538 году.

Коклюш крайне заразен. Источником заражения может быть только человек. Путь передачи инфекции – воздушно--капельный. Обильное выделение возбудителя происходит при чихании и кашле. Инкубационный период при коклюше длится от двух дней до двух, максимум трех недель. Особенно опасны больные с 1 по 25 день заболевания. Люди обладают очень высокой восприимчивостью к коклюшу.

После того как прошел инкубационный период у больного появляется насморк, чихание, общее недомогание, отсутствие аппетита, легкий кашель, который не уменьшается от противокашлевых средств. Этот период называется катаральный и длится он как обычная простуда 1-2 недели. Постепенно к 3 неделе кашель усиливается, особенно в ночное время. Так начинается новый период лающего кашля. После глубокого свистящего вдоха следует серия коротких кашлевых толчков, напоминающих лай собаки.

Во время приступа кашля лицо больного краснеет или синеет, возможны носовые кровотечения или кровоизлияния в глаза. Кашель заканчивается выделением вязкой мокроты, иногда рвотой. В сутки таких приступов может быть 10-15. Этот период длится от недели до месяца, иногда дольше. Процесс выздоровления затягивается на несколько месяцев. Постепенно улучшаются сон и аппетит.

Осложнения коклюша наиболее часто наблюдаются у детей младше 1 года, с повышенным риском тяжелого течения у недоношенных младенцев. Очень часто детям требуется госпитализация. Чаще всего коклюш вызывает осложнения, связанные с развитием вторичной бактериальной инфекции. Например:

Бактериальная пневмония - наиболее частое осложнение коклюша;

Бронхит, плеврит, эмфизема, коллапс легкого;

Гипоксия;

У детей раннего возраста коклюш может способствовать развитию бронхоэктатической болезни;

Синусит, отит, разрыв барабанных перепонок;

Обезвоживание;

Кровотечение из носа;

Ушибы;

Грыжи, разрыв мышц брюшной стенки;

Отслойка сетчатки;

Судороги;

Заболевания головного мозга;

Отставание в развитии.

Коклюш у взрослых проходит довольно тяжело и может стать причиной серьезных осложнений, таких как судороги и энцефалопатия. У пациентов в возрасте старше 30 лет в 5-9 % случаев возникает пневмония. У женщин старше 50 лет в 34% случаев выявляется недержание мочи, связанное с коклюшем. Кроме того регистрируются такие осложнения, как переломы ребер, паховая грыжа, удушье, грыжа поясничного диска, обмороки.

Симптомы коклюша у взрослых:

Общее недомогание и снижение аппетита;

Незначительное увеличение температуры тела, которое сопровождается насморком и небольшим кашлем, симптомы начинают быстро усиливаться;

Симптомы у взрослых напоминают симптомы бронхита, поэтому заболевание сразу выявить не очень просто;

У некоторых болезнь проходит незаметно, что ведет к массовому инфицированию контактных лиц;

Профилактика коклюша. Для детей следует придерживаться графика прививок для АКДС. Вакцинация проводится в плановом порядке, в соответствии с Национальным календарем профилактических прививок, утвержденным Постановлением Правительства здравоохранения РК.

Для детей и взрослых, чье состояние не требует госпитализации есть несколько советов, которые позволяют облегчить течение болезни, снизят риск заражения окружающих и ускорят выздоровление:

Изоляция больного, пока не пройден курс антибиотиков в течение 5 дней;

Те, кто вступает в контакт с больными, должен носить хирургические маски;

Хорошая профилактика – мытье рук;

В очаге инфекции производится тщательная дезинфекция;

Детям до года и непривитым лицам, контактировавшим с больным, проводят экстренную профилактику.

В Ескельдинском районе за 5 месяцев 2022 года случаев кори и коклюша не зарегистрировано. Противоэпидемиологические меры по профилактике кори и коклюша проводятся регулярно. Вакцинация детского населения проводится соответственно плану района. Информационно-разьяснительная работа с населением района проводится ежедневно медицинскими работниками участка.

Л.Гасниченко,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ
районный педиатр

BILE JÜRÑIZ

ПЕСТИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер ғана қолдануға жатады.

Пестицидтерді қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Пестицидтармен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген журналда тіркеледі,оларда міндетті түрде мынандай мәліметтер көрсетіледі: Пестицидтердің атауы; Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктемесіне сәйкес пестицидтің қауіптілігі; Организмнің атауы; Жұмсау нормасы; Ертіндінің көлемі; Ертіндінің дайындалған күні;Өңдеу түрі(жер үсті, авияциялық, аэрозольдік); Орны мен алаңы; Өңделген күні; Өңделген дақылдың түрі.

Пестицидтармен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен, нұсқаулармен, жадынамалармен қамтамасыз етіледі,3-4 км аумағында ара омартасы және мал болмау тиіс.

Пестицидтерді қолдану пайдалану регламентеріне (жұмыс нормасы,өңдеу тәсілі мен еселігі,шектеулер,күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады. Қолдану барысында регламентті мейлінше сақтап, арнайы киім, респиратор киіп, қауіпсіздік техникасы сақтаулауы тиіс.

Пестицидтармен жұмыс істейтін жұмысшы медициналық тексеруден өтіледі.

Пестицидтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге,ашық отты пайдалануға,тамақ ішуге жол берілмейді.

Өсімдіктерді пестицидтармен тозаңдатуды және бүріктіруді ерте және кешкі желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авияцияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

Жалпы өсімдік қорғау препараттарын күн ыстықта, желді-жаңбырлы ауа-райында қолдануға қатаң түрде тыйым салынады. Себебі, күн ыстықта жер бетінен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, өте ұсақ тамшымен шашылған пестицидтің әсерлі заттары буланып, жоғары қозғалған ауа ағысымен көкке ұшып кетеді. Желтең күні шашылған дәрі желмен мүлде басқа жаққа ұшып, адамдарды, малды улап, зиянын тигізеді. Жаңбырлы күні шашылған пестицидтерді жаңбыр шайып кететіндігі айтпаса да түсінікті. Пестицидтерден босаған ыдыстарды тұрмыста қолдануға мүлде болмайды.

Жеке және заңды тұлға жоғарыдағы көрсетілген қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен жазаға тартылады.

Ғ. КЕРИМБАЕВ,
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының Өсімдіктерді қорғау инспекторы

QÚLAQTANDYRU

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕ АДАЛДЫҚ МАҢЫЗДЫ

Елімізде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Алайда жемқорлықсыз қоғам құрмайынша елімізде жемқорлықпен күрес толығымен тоқтатылмайды. Ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататын өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Сондықтан да жемқорлықпен күресу біз үшін бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырған – басты мақсат.

Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамыміздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу қажет деп ойлаймын. Сонымен қатар әр адам тек өз басының пайдасын ғана ойламай, туған елінің гүлденуін, өркендеуін ойлайтын болса, өз Отанының нағыз патриоты болса, жемқорлық жойылар еді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

А.НАЙЗАБЕКОВ,
аудандық ТЖБ бастығы,

ОСТОРОЖНО – ГАЗОВЫЙ БАЛЛОН!

Будьте бдительны и аккуратны при эксплуатации газовых баллонов. Многие природные газы являются потенциальными источниками опасности для человека. Наиболее опасными являются метан и сжиженный газ (в баллонах), которые используются в быту. При утечке они вызывают удушье, отравление и, что самое страшное, способны привести к взрыву. С целью недопущения взрывов бытового газа ОЧС Ескелдинского района напоминает о неукоснительном соблюдении следующих правил пользования газовыми приборами и ухода за ними:

Поручите установку, наладку, проверку и ремонт газовых приборов и оборудования квалифицированным специалистам;

Храните газовый баллон в проветриваемом помещении, только в вертикальном положении;

Примите меры по защите баллона и газовой трубки от воздействия тепла и прямых солнечных лучей;

Убедитесь перед заменой баллона,, что краны нового и отработанного баллонов закрыты;

Воздержитесь от замены газового баллона при наличии рядом огня, горячих углей, включенных электроприборов;

Используйте для соединения баллона с газовой плитой специальный (не случайный) гибкий резиновый шланг с маркировкой, длиной не более метра, зафиксированный с помощью зажимов безопасности. Не допускайте его растяжения или пережатия;

Храните неиспользуемык баллоны (заправленные или пустые) вне помещения;

Исключите случаи допуска детей к газовым приборам;

Соблюдайте последовательность включения газовых приборов: сначала зажгите спичку, а затем откройте подачу газа;

Во избежание утечки газа следите в ходе приготовления пищи, чтобы кипящие жидкости не заливали огонь. Регулярно чистите горелки.

Не забудьте закрыть кран баллона по окончании работ;

При появлении запаха газа в помещении следует перекрыть кран подачи газа, незамедлительно открыть окна и двери для проветривания помещения, не испоользовать открытый огонь, не включать электричество и электрические приборы, выдернуть телефонный шнур и розетки;

Если ситуация выходит из-под контроля, следует вызвать пожарных и спасателей по телефону – «101» или «112» ;

А.ДУБЕКОВ,
Инженер ОЧС Ескельдинского района

ЕЛ ҮШІН ТУҒАН ЕРЛЕРГЕ ТАҒЗЫМ ЖАСАЛДЫ

ILTIPAT

18-сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні. Бұл мереке алғаш рет 1984 жылы атап өтілді. Оны 1983 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен. Бүгінгі таңда осы ұйымның қатарында әлемнің 175 мемлекеті бар. ЮНЕСКО ірі халықаралық ұйымына Қазақстан да мүше.

Атаулы датаға орай Ескелді аудандық кітапханасы «Ескерткіштер- халық қазынасы» атты медиа-таным өткізді. Ескелді ауданында орналасқан Бақтыбай ақын, Ескелді би, Матай Байысов, Константин Шестаковтың құрметіне қойылған ескерткіштерге барып, олардың өмірбаяндары мен батырлардың ерліктері жайында оқырман қауымға түсіндірілді. Ескерткіш– кең мағынасында - елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді қамтиды. Тар мағынасында- ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Бұл атау монумент деген ұғымның мағынасына жақын.

Жетісу өңіріндегі атақты ақындардың бірі - Бақтыбай Жолбарысұлы 1842 жылы маусым айында дүниеге келген. Атасы Аңламастан Ау, Жолбарыс, Үден деген үш бала өрбіген. Жолбарыстан Тәттібай тарайды. Ол кезде Талдықорған жағындағы биік-биік таулар ішінде, жыра--сайларда ау, жолбарыс сияқты іріліі--уақты аң-құстар өте көп болған. Аңламас қарияның балларын сондай күшті аңдардың атымен атауында гәп бар. Күш пен айланың заманында ау, жолбарыс сияқты батыр туса екен деп армандаған болуы керек, бірақ оның ұрпағынан Бақтыбай сияқты атақты ақын шығарын, әрине, ол білген жоқ. Адам тағдырының сонша қиын да қызық екенін мынадай байқаңыз: жеті айлығында шала туған нәрестені атасы Аңламастан қалған ескі тымаққа салып, ай кереге іліп қойған. Бала үш күн бойы ауызына нәр алмапты. Ескі ырым бойынша, шешесі Шәуке қайнысы Үденнің тұзақпен ұстап, үйінде бағып отырған бұлбұл құсын сұрап алып, жас нәрестені соның тілін таңдайына салып ауыздандырған екен. Бақтыбай жеті жасқа келгенде әке-шешесі бірдей өліп, нағашысы асырап алады. Жас баланың он жасқа келгенше тілі шықпаған. Он екі жасында нағашысының ешкілерін қасқырға талатып, қорыққанынан күзгі жауында суық түнінде өз еліне қарай қашады. Әрі тоңып әрі қорқып келе жатқан бала айдалада әлі шоғы сөне қоймаған жер ошаққа кез болған. Соның күліне аяғын тығып жатса, көзі ілініп кетеді. Түсінде Қабан ақынды көреді. Ел, Ескелді, Балпықпен қатар әулие санайтын осынау аруақты ақын: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деп сұрапты мыс. Бақтыбай: «Өлең аламын» деген. Қабан ауызына түкіріп, «жұтып қой» депті. Шаттана оянған баланың сол күненен бастап тілі шығып, айнала дүниеге ақын көзімен қарай бастайды.

Әмбе жалайыр әулие атанған Ескелді би - күллі қазақ халқына қауіп төнген XVIII ғасырда ел қорғаған ерлердің бірі. Ол өзінен екі жас кіші Балпық әулиемен, Қабылиса сияқты әрі ақын, әрі батырмен, қол бастаған Орақ батырмен бірге жоңғар басқыншыларына қарсы жойқын жорықтар жасап, елінен, жерінен айырылып босып кеткен жалайырлардың басын құрап, Жетісу өлкесіне қоныстандырған тарихи тұлға. Ескелдінің жастайынан зерек, тапқыр болып өсуіне қоршаған ортасы игі ықпал еткен. Ел билеген азаматтар, айыр тілді билер бас қосқанда әкесі Ескелдіні бала кезінен бірге ертіп жүрген. Ауыл ақсақалдары, білікті билер оқта-текте сөз кезегін бергенде Ескелді асқан тапқырлықпен, шешендікпен, ақынша ұйқас сөздер тауып, сөйлей жөнеледі екен. Бұған әкесі Жылкелді ұяла қысылып: “Балам, үлкендердің алдына бекер түсесің”, - деп, тыйым салмақ болғанда сөз төркінін ұғатын зерделі, зиялы кісілер: “Жылкелді, баланың талабын қайтарма, бұл жерде “ата тұрғанда ұл сөйлегеннен без, ана тұрғанда қыз сөйлегеннен без” деген көне мәтелді қолдану ретсіз, баланың ұғымы да, түйсігі де бөлек, басқа балаларға ұқсамайды” дегенде, көңілі тасып шабыттанған Ескелді:

Қой асығын қомсынып,
Шымыр емес демеңіз,
Қолға жақса сақа ғой.
Ұл сөйлесе шамсынып,
Жасы кіші демеңіз,
Ақылы асса дана ғой, - деп тоқтаған екен.

Матай Байысов - екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, бөлімше командирі, пулеметші. Соғыстың алдында Талдықортан МТС-ында жұмыс істеді. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың қазанында шақырылып, Ұлы Отан соғысына Воронеж майданына қарасты 38-армия 136-атқыштар дивизиясының 342- атқыштар полкі құрамында қатысты. 1943 жылы 2-қазанда Днепрдің оң жаталауына алташқы жауынгерлер сапында өтті. Бәйісовтің басшылытындаты шағын топ өздері басып алған плацдармда 2 тәулік бойы жау шабуылына тойтарыс берді. Жеке өзі жаудың 50-ден астам әскерін жойды. Расчет командирі мен пулемет нысанашысының ок- қа үшқанына қарамай Бәйісов станокты пулеметінен оқ атуын тоқтатпады. Бәйісовке КСРО Жот. Кеңесі Төралқасының Жарлығымен ұрыста көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Константин Шестаков екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, қатардағы гвардияшы жауынгер. 7-сынып бітірген соң МТС--те трактор жүргізуші болып жұмыс істеді. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың 27-маусымында шақырылып, майданға аттанды. Шестаков 1944 жылдың жазында Ленинград облысын азат ету кезінде көзге түсті. Шестаков қызмет еткен 129-гвардиялық атқыштар полкі Лампилия ауылы жанындағы отты нүктені алуда жау жағынан қатты қарсылық болды. Гвардияшылар екі рет отты нүктеге шабуыл жасап, ала алмады. Олардың алға жылжуына гранит төбе тастарының қалқасындағы жау пулеметі бөгет болды. Шестаков осы пулеметтің жанына еңбектеп барып, граната лақтырып, жаудың 50-ге жуық әскері мен офицерін жойды. Өшпес ерлік жасағаны үшін Шестаковке КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кітап оқырмандары қатысқан жиыннан қатысушылар рухтанып тарқасты. Қалай дегенмен ерлігі ұрпаққа үлгі тұлғалар туралы тың ақпараттар кімді болмасын қанаттандырады.

Ескелді аудандық кітапханасы

ЕСКЕ АЛУ

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14-сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР Заңы қабылданды. Ал, ҚР сол кездегі Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ 31-мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады. Бұл шара – жазықсыз жапа шегіп, қазақты егеменді ел етеміз деп еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған жұмыстардың бастауы.

1921 – 1933 жылдары аралығында (1921-1922 және 1932-1933 жылдары) қазақ даласы бір емес екі мәрте ашаршылыққа ұшырады. Бұл халқымыз үшін орны толмас нәубат әкелді. Әсіресе, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық XX ғасырдағы адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған трагедия болды. Әрине, бірінші ашаршылық та сұмдық болды. Бірінші ашаршылық 1919–1922 жж. болған. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Екінші аштық – екі жарым миллион адамның өмірін жалмады.

Жаппай қуғын-сүргін салқыны да қазаққа оңай тиген жоқ. КСРО республикаларында репрессия 1928 жылдан басталды. Қазақ елінде алдымен Алаш қайраткерлері тұтқындалды. Оларға «ұлтшыл» деген айып тағылды. Салдарынан Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Абдулла Розыбақиев, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышбаев, Ілияс Жансүгіров және тағы басқа зиялылар ату жазасына кесілді.

Кешегі азапты күндердің артынан атқан бүгінгі ақ таң үшін бабаларымызға мың тағзым етсекте аз.

«ЖШ» ақпарат

ҰЛТТЫҚ ЭНСИКЛОПЕДИЯ

БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫН ДҰРЫС КЕСІП ЖҮРМІЗ БЕ?

Үлкендерден бата сұрамастан баланың тұсауын кесті. Тұсаукесер жыры да айтылған жоқ. Сәби болса, автокөліктің кілтін алып ата-анасын мәз етті. Үлкендер жағы күбір-күбір ете қалды: «Жас балаға кестіргені несі? Көпті көрген, өнегелі жолы бар неге үлкендерге кестірмеді? Бата беру керек емес пе? Қазір жастар өз білгендерін жасайды. Салт-дәстүрді бұрмалап, мағынасын жоғалтып бітті» деген сыбыр көбейе бастады. Үлкен кісілердің де пікірі орынды. Бірақ таңдау ата-ананың өз еркінде болған. Сөйтсе, әлгі бала үлкен ағаларының жалғыз түйір ұлы екен. Шетелде оқиды. Әсілі, бір жасар балақай да соған ұқсап, сырт ел асып, оқымысты болсын деген шығар? Кім білсін!



Той айтеуір мәресіне жетті. Көпшілік тарқасты. Бірақ бәрінде бір ой кетті. Расында қазір салт-дәстүріміздің көбі бұрмаланып жүр. Мәселен, үйлену тойында ағылышынша ән айтылып, жастар «Love story» түсіруді сәнге айналдырды. Тіпті осы «Love story» үшін шетел асатын жастарымыз бар. Қыздарымыз да өзінің қара шаңырағынан емес, түннің бір жарымында мейрамханалардан ұзатылып жатыр.

Осы тұста Бауыржан Момышұлы атамыздың келіні Зейнеп Ахметова бүгінгі жас ата-аналардың баланың тұсауын кескен кезде көптеген қателік-терге бой алдырып жүргенін атаған еді. Бұл салт-дәстүрдегі ұстанымдардың мағынасын бұзатынын және кейінгі буынға өзгертіліп жететініне алаңдау¬шылық білдірген. Зейнеп апамыз тұсаукесер дәстүрінің мағынасын былай түсіндіреді. «Баланың аяғына ала жіпті байлаған. Мағынасы өмірдің ақ пен қарадан тұратынын білдіру. Күрмеуін кесу бала болашақта ақ пен қара қатар тұру заңдылығы кезінде құламасын, сүрінбесін дегені» дейді.

Ал, кесілген ала жіпті ырымдап бала көтере алмай жүрген келіншекке берген. Ол оны сақтап қойса, көп ұзамай балалы болады деп есептеген. Сондай-ақ, баланың ақ жолына қойылатын ақша, домбыра, кітап сынды заттарды қою рәсімі де бізге өзгелерден келген дүние екені айтылып жүр. Сондай-ақ, соңғы кездері осы бір салтты тамашалаған кезде үлкендердің өзі кездіктің жүзін қалай қаратып кесерін білмей, өзгелерден сұрап жатады. Тіпті, тұсаукесер жырын білмейтіндер де кездеседі.

Сонымен қатар қазіргі кезде баланың тұсауын әншілерге кестіру сәнге айналған. Тіпті осыны бизнеске айналдырғандар да бар. Келіскен сомасын берсеңіз, балаңыздың тұсауын әндетіп, әуелетіп, сән-салтанатымен кеседі. Бірақ бұл қаншалықты дұрыс, бұрыстығына мән беріп, жатқан ешкім жоқ.

Осы ретте өткенге сәл шегінсек, ата-бабамыз тұсау кестірерде таршылық, тапшылық көрмесін, байбақуатты молшылық ғұмыр кешсін, көңілі дархан даладай бауырмал, қадірлі, қайырымды көпші азамат болсын деген ниетті ұстанған. Баланың тұсауын шешен шежірешілер, алып күштің иесі батыр-палуандар, елдің аузында жүрген даңқты тұлғаларға ырымдап кестірген. Мал сойылып, тоқ ішекті сәбидің аяғына байлаған. Баланы әкесі ортаға тұрғызып, дуалы ауыз ақсақалдардан бата сұраған. Тұсау кесетін адам арнайы дайындалған кездіктің жүзін өрге қаратып кескен. Егер пышақтың жүзін төмен қаратып кессе, бала ынжық, өңез болып өседі деген сенім болған. Сондықтан еңсесін тік ұстайтын, өршіп, ұлттың рухын жалғайтын, ер мінезді ұрпақ болсын деген тілекпен пышақ жүзін жоғары қаратқан. Осы кезде өнер адамы тұсаукесер жырын жырлаған. Ал, кейбір ата-аналар «баламыз көк шөптей көгеріп өссін, ұрпақты үрім-бұтақты болсын» деген тілекпен көк шөппен де кескен. Бірақ бұл түрі өте сирек қолданған.

Міне, нағыз тұсау кесер рәсімі. Мағынасы кең, әрбір салты мәнді.

С.ҚАЛЫМБЕТ

КӨМБЕ

Ахмет Байтұрсынұлы:

«БІЛІМ ЖАРЫСЫ»

Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар – білімділер, зейінділер. Оларға бәйгеге тігіп, жарыстыратындар – бай адамдар я қоғамдар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Барлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады. Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, қантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі – осы.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс ел жиылып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт я дүниядағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын, дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы. Білім жарысы дегеніміз – бай адам пәлен мың ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді: осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп. Мысалы, пәлен ауруға ем тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі дейді. Ал бәйге тігілді. Енді ат жарысы болса, әркім атын жаратып, бәйгеге қосар еді; білім бәйгесі болған соң, білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім жүйріктері бірінен-бірі озуға жүйріктігін аяп қалмайды. Тап дегенді табуға ойланады, істе дегенді істеуге қарманады. Ақырында әркім істегенін, тапқанын сынға жібереді. Сыншылары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап, бәйге кеседі.

Еуропада, мысалы, Нобелевский білім жарысы бар. Бұл жарыста бәйгені ғылым ауданында я әдебиет ауданында еңбек етіп озған адам, я соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы. Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының астанасы Стокгольм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады.

Өткен 1912 жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар:

1) инженер Дален – ғылым хикметінен көрсеткен үздік біліміне алды;

2) профессор Каррел – дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды;

3) неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауптман – әдебиет жүзінде үздік біліміне алды;

4) Сабатья һәм Гренкер – француз ғұламалары, ғылым хикметінен көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері – шведтің Нобель деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 миллион ақшасы. Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу – әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады. Еуропадағы ғылым, өнер толық, қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асыру үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар оның үстіне мал аз дегенде, бір аты жоқ жарлы мал аз демей қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, өнер турасында біздің жайымыз да сол жарлының халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасында білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім таратын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы. Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді.

Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал; мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал; білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ. Еуропа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелдеп-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады.

Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз – қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы отбасынан аспайды. Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе, намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді. Ауылын шауып, адамдарын сабаса – жауын мұқатып, мақсатына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын? Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Еуропа байларындай басы бүтін бере алмайды. Еуропаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды. Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз. Қазақтың байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын, өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксін.

Оны былай етуге болады: жоғарыда айтылды, білім жарысы қазақ арасына білім таратын кітаптар шығаруға болсын деп. Білім түрлі болады. Білімнің әр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз болады. Бір түрін жақсы білетіндердің табылуы қиын емес. Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар, сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе. Осындай кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған ғана кітаптарға берілсе, тігілген бәйгеге қарай бәйге кітапты бір я екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушы өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы істелсе, әуелі бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді. Неге десең, сынаудан өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауіптенуге орын жоқ. Екінші, жазушыға да қолайлы. Шығарған кітабы жақсы болса, еңбегіне тиісті даяр ақшаны алып, онан әрі тағы жақсы кітап шығаруға кірісер еді. Еңбегіне ақысы татымды болған соң, ол өзін сол жұмысқа алаңсыз жегер еді. Әр жерден сондай жазушылар шықса, білім жұмысын айдап алға бастырмай қоймас еді. Бәйге тігушіге де, бәйге алушыға да тынышты, жұрттың білім турасындағы істерін алға сүйреуге қолайлы һәм нағыз керек жолдың бірі – біздің ойымызша, осы. Бұған, басқалар һәм байлар, не айтасыздар?

1913 ж

ХАБАРЛАНДЫРУ

Назар аударыңыз! 2022 жылы маусым айының 6-26-күндері аралығында, Қарабұлақ ауылы (Қаратал өзенінің жағалауындағы ағаштардың арасында), Сырымбет ауылы (ауылдың сыртындағы таулы аймақтарда), Алдабергенов ауылы (стадионы, орталық саябақ, еркерткіш маңайы), Көкжазық ауылы (ашық демалыс аймағы) кене энцефалитіне қарсы профилактикалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. 45 күнге дейін мал жаюға, саңырауқұлақ жинауға тиым салынады.

Т.АБУЛОВ,
ҚР ДСМ СЭББК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Ескелді аудандық бөлімше бастығы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внимание! В населенных пунктах Карабулак (лесопосадка вдоль реки Каратал), Сырымбет (предгорная местность за населенным пунктом), с. Алдабергенова (стадион, центральный парк возле памятника), с.Кокжазык (открытая зона отдыха), с 6 по 26 июня 2022 г. будет проводиться профилактическая дезинсекция по борьбе с клещами.

В связи с этим, жителям выше указанных населенных пунктов Запрещено в течении 45 дней с момента проведения обработки выпас скота, отдых на природе и сбор грибов.

Т. АБУЛОВ,
Начальник Ескельдинского отделения Филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК по Алматинской области

ХАБАРЛАНДЫРУ

Индира Аликовна Сатыбалдинованың атындағы Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылындағы Балпық би көшесі №201 «Б» мекен жайындағы 03-264-037-263 кадастрлық нөмерлі жер құжаттарының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В Мраморный Цех г.Текели требуются рабочие, оплата сдельная. Тел.: 8 747 406 35 90

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 3050 Тираж 3050 Тапсырыс 1059 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.